

“Ш.Т. Еркінов атындағы орта мектеп” КММ-де шығармашылық топ семинары аясында 2025 жылдың 3–5 желтоқсан күндері көрнекі сабақтар мен “Қазақша Quiz” ұстарға арналған сайыс өткізілді. Семинардың мақсаты – мұғалімдердің әдістемелік шеберлігін жетілдіру, заманауи тәсілдерді қолдану тәжірибесін тарату және кәсіби ынтымақтастықты нығайту болды.

3 желтоқсан 2025 ж.

– Тапаева Б. 10 «ә» сыныбында «ЖИ арқылы видео жасау» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақта оқушылар жасанды интеллект құралдарын қолданып, бейнематериалдар дайындау дағдыларын меңгерді.

4 желтоқсан 2025 ж.

– Культаева А. мен Төлеген С. 5 «ә» сыныбында кооператив сабақ өткізіп, «Өзара кері сандар» тақырыбын түсіндірді. Сабақ барысында бірлескен жұмыс, топтық талдау және өзіндік ойлау әдістері қолданылды.

– Абуова Ш. 9 «ә» сыныбында «Есептер шығару» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Оқушылардың есеп шығару дағдыларын дамытуға бағытталған түрлі әдіс-тәсілдер қолданылды.

5 желтоқсан 2025 ж.

– Нурмухамметова Б. 8 «ә» сыныбында «Есептер шығару» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақта логикалық ойлау, талдау және математикалық есептерді тиімді шешу жолдары қамтылды.

Өткізілген ашық сабақтар шығармашылық топ мұғалімдерінің кәсіби тәжірибесін жетілдіруге, педагогикалық әдістерді жетілдіруге және әріптестік байланыстарды нығайтуға зор үлес қосты. Семинарға қатысқан әріптестер бір-біріне кері байланыс ұсынып, тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды.

Сілтеме:

<https://www.instagram.com/p/DSH8qvndMDz/?igsh=dXFva2Fmbmd2Nm4x>







